

Ж. Нұрсұлтанқызы^{1*}, Г.Ж. Снасапова², А.Ө. Байдаулетова³

^{1,2,3} Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан
(e.mail zhaznur@mail.ru)

Фитонимдік паремиялардың этномәдени семантикасы

Аталмыш мақалада қазақ тіліндегі паремиялар құрамында кездесетін фитонимдер — өсімдік атауларының этнолингвистикалық сипаты мен мәдени-танымдық ерекшеліктері қарастырылған. Фитонимдер — тек өсімдік атаулары ғана емес, олар халықтың салт-дәстүрі, рухани құндылықтары мен мәдени болмысын танытатын маңызды лексикалық топ. Зерттеудің басты мақсаты — мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер құрамындағы өсімдік атауларының семантикасын, мәдени-танымдық жүктемесін және символдық мәнін анықтау. Фитонимдер арқылы жасалған мақал-мәтелдердің құрылымдық, семантикалық және прагматикалық жүйесі зерделеніп, олардың халықтың дүниетанымы мен рухани-мәдени болмысындағы орны айқындалды. Мақалада *жусан*, *қамыс*, *шеңгел*, *жалбыз*, *арша* сияқты фитонимдердің символдық мәні, ұлттық санадағы аксиологиялық жүктемесі мен дүниетанымдық қызметі кеңінен талданды. Жусан — туған жер мен ел рухының киелі нышаны ретінде, қамыс — икемділік пен бейімделгіштіктің, шеңгел — кесірліктің, жалбыз — тазалық пен көркем мінездің, ал арша — киелілік пен рухани тазарудың белгісі ретінде сипатталады. Зерттеу барысында мақал-мәтелдердегі фитонимдердің өзіндік ерекшеліктері, олардың әлеуметтік, экологиялық және философиялық мазмұнмен тығыз байланысы ашылып көрсетілді. Мақалада паремиялық бірліктердің уәжді негіздері, мәдени-символдық жүктемесі мен прагматикалық қызметі жан-жақты қарастырылып, тіл мен мәдениеттің тоғысуындағы рөлі анықталды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, фитонимдік паремиялардың қазақ халқының танымдық тәжірибесін, салт-дәстүрі мен өмірлік ұстанымдарын бейнелейтін маңызды мәдени-тілдік мұра екендігі дәлелденді.

Кілт сөздер: фитоним, мақал-мәтел, паремия, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, аксиология, ұлттық дүниетаным, символ, рухани құндылықтар.

Kipicne

Тіл — халықтың мәдениеті мен рухани құндылығының көрінісі. Әсіресе, тұрақты тіркестер мен паремиялар — ұлттың сан ғасырлық тәжірибесінің, болмысының көрінісі ретінде ерекше мәнге ие. Осындай тұрақты тілдік бірліктердің ішінде өсімдік атауларына негізделген фитонимдік паремиялар этнолингвистикалық тұрғыда зерттеуге сұранып тұрған маңызды сала.

Фитонимдер — өсімдіктердің атаулары. Қазақ тіліндегі паремияларда кездесетін фитонимдер халықтың табиғатпен етене байланысының, өсімдік әлемін тану, бағалау, пайдалану мәдениетінің көрінісі. Бұл паремиядың мазмұнын талдау арқылы қазақ халқының экологиялық санасы мен болмысын, сондай-ақ ұлттық құндылықтарын ұғуға болады.

Қазақ тіл білімінде фитонимдер — яғни өсімдіктер атаулары, **тіл мен мәдениеттің тоғысқан тұсында, этнолингвистикалық, фразеологиялық, когнитивтік және ономастикалық** қырынан зерттеліп келеді. Бұл бағытта еңбек еткен ғалымдар өсімдіктер атауларының **ұлттық танымдағы орны мен тілдік табиғатын** тереңірек тануға жол ашты. Қазақ тіліндегі фитонимдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеушілер — П. Поляков [1], Ш. Күркебаев [2], М. Бимағамбетов [3], М. Күштаева [4], А. Айғабылов [5], Г. Омарбекова [6], С. Қалиев [7], Г. Ұйықбаева [8], Б. Қалиев [9], Ш. Сейітова [10], А. Шормакова [11] т.б. Аталған ғалымдардың еңбектері — **фитонимдердің тек атау немесе сөздік қор элементі емес, ұлттың дүниетанымын бейнелейтін мәдени-танымдық бірлік** екенін дәлелдейтін құнды зерттеулер. Бұл бағыттағы зерттеулер **тіл мен табиғаттың, тіл мен танымның, тіл мен мәдениеттің байланысын** тереңірек түсінуге негіз болады. Мәселен, Г. Ұйықбаеваның «Өсімдіктердің халықтық атаулары» [8] атты кандидаттық диссертациясындағы негізгі мәселе — өсімдіктердің халықтық атауларын жинақтап, олардың шығу төркіні мен мағыналық ерекшеліктерін талдайды. Сонымен қатар еңбекте өсімдік атауларының халықтың салт-дәстүрі және тіліндегі орны қарастырылады. Бұл зерттеу қазақ тіліндегі фитонимдердің байлығын және олардың мәдени-танымдық құндылығын көрсетуге бағытталған. Ғалым Ш. Күркебаев «Өсімдік мүшелері мен

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhaznur@mail.ru

олардың құрылым құрылысына қатысты терминдер» [2] атты кандидаттық диссертациясында өсімдіктердің құрылым құрылысына қатысты терминдерді түгелдей жиып, оларды тіл білімі, терминология тұрғысынан жан-жақты зерттеді. Өсімдіктерді этнолингвистикалық аспектіде зерттеген Ш. Сейітова «Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты» [10] тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында өсімдік атауларының тұрақты тіркестердегі семантикалық және құрылымдық ерекшеліктерін анықтап, олардың халықтың болмысындағы орны мен мәдени маңызын ашылған. М. Күштаева қазақ тіліндегі **«тары» және оған қатысты атаулар мен терминдерді** жан-жақты зерделеген. Ғалым өз еңбегінде тары егіншілігін қазақ халқының **ежелден қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығының бір көрінісі** ретінде қарастырып, осы дақылға байланысты сөздік қорды **лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен қанатты сөздер** аясында талдаған. Зерттеу барысында автор **«тары» концептісінің** тілдік көрінісін, оның **лексика-семантикалық өрісін** және **аялық білім деңгейіндегі бірліктермен байланысын** ашып көрсетеді. Сонымен қатар ғалым **салыстырмалы тілдік деректер мен лингвомәдени талдау** негізінде тарыға қатысты атаулардың ұлттық танымдағы орнын айқындаған [4]. Зерттеуші А. Шормакованың «Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі» ғылыми еңбегінде өсімдіктер әлемінің тілдік бейнесі ұлттық болмысты танудың лингвомәдениеттанымдық ұстанымдары негізінде зерттеліп, олардың аксиологиялық, символдық, архетиптік сипаттары талданып, әсіресе «жусан» концептісі қазақ дүниетанымындағы бейнелілік, ұғымдық және құндылықтық өлшемдерді тоғыстырған лингвомәдени концепт ретінде айқындалды [11]. Ал Д. Төлегенова қырғыз және басқа түркі тілдеріндегі ежелгі өсімдіктер атауларының семантикалық ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізіп [12], өсімдіктер атауларының түркі тіліндегі біртектілігі историография негізінде талдады [13].

Әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі фитонимдер мен олар негізінде жасалған мақал-мәтелдерді талдау мақсатында келесі әдістер қолданылды: Семантикалық талдау: Фитонимдердің (өсімдік атауларының) лексикалық мағыналарын, олардың мақал-мәтелдердегі символикалық және аксиологиялық жүктемелерін анықтау. Бұл әдіс мақал-мәтелдің халықтың ұлттық құндылығына, мәдениеті мен көзқарастарына қалай негізделгенін көрсетеді. Контекстуалды талдау: Мақал-мәтелдердің түрлі контекстердегі қолданыс аясын зерттеу. Бұл әдіс мақал-мәтелдердің әлеуметтік, мәдени және экологиялық факторлармен байланысын зерттеуге мүмкіндік береді. Этнографиялық деректерді қолдану: Қазақ халқының дәстүрлері мен салт-дәстүрлеріне қатысты этнографиялық деректерді жинау және оларды мақал-мәтелдермен салыстыру. Бұл тәсіл халықтың тұрмыс-тіршілігін, ұлттық-мәдени ерекшелігін және табиғатпен қарым-қатынасын көрсетеді.

Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі түрлі әдебиеттер, сөздіктер, этнографиялық жинақтар, академиялық еңбектер мен мақалалар пайдаланылды. Сонымен қатар белгілі бір фитонимдер мен мақал-мәтелдер қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің үлгілерінен алынған.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің бірқатарының жасалуына фитонимдер арқау болған. Фитонимдер арқылы жасалған мақал-мәтелдер мәдени-танымдық ойға құрылған тілдік бірлік болғандықтан, оларды этномәдени және лингвистикалық аспектіде қарастыру арқылы ұлт дүниетанымының өзіндік ерекшелігін көруге болады. Себебі фитонимдер негізінде жасалған мақал-мәтелдердің лексика-семантикалық мазмұны мен қолданыс өрісі әртүрлі ішкі-сыртқы факторлармен байланысты болып келеді де, этнос танымындағы ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі, шаруашылығы, болмысы, материалдық және рухани мәдениетіне қатысты танымдық ақпараттар кодталған тілдік білімдер жүйесін құрайды. Тілдегі фитонимдер арқылы жасалған паремеологизмдердің прагматикалық жүйесін, уәжді белгілерін айқындаудың мәні ерекше саналады.

Қазақ тіліндегі көптеген паремиялардың негізінде фитонимдер — өсімдік атаулары жатыр. Бұл фитонимдер арқылы жасалған мақал-мәтелдер мәдени-танымдық ойға құрылған тілдік бірліктер, себебі олар халықтың құндылықтар жүйесі мен табиғатқа деген көзқарасын, ұстанымдарын айқындайды. Мұндай мақал-мәтелдер тек тілдің семантикалық құрылымымен ғана емес, ұлттың өмір салты, шаруашылық кәсібі, экологиялық тәртібі, сондай-ақ рухани және материалдық мәдениетінің құрамдас бөліктері ретінде маңызды ақпараттарды жеткізеді. Оларды этномәдени және

лингвистикалық тұрғыдан зерттеу арқылы халықтың ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесі мен тұрмыс-тіршілігі, табиғатпен қарым-қатынасы туралы терең білім алуға болады.

Фитонимдер негізінде жасалған паремиялардың лексикалық мазмұны мен қолданыс өрісі табиғаттың әртүрлі факторларымен тығыз байланысты, соның ішінде географиялық аймақтың ерекшеліктері, ауа райы жағдайы, қоғамдағы әлеуметтік қатынастар мен адам өмірінің түрлі аспектілері ескеріледі. Мәселен, өсімдіктердің белгілі бір түрлеріне қатысты паремиялар халықтың сол өсімдік түрін қалай қабылдағандығын, оның қоғамдағы рөлін немесе қасиеттерін қалай түсінгенін білдіреді. Бұл танымдық элементтер тілдік бірліктер арқылы ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі.

Қазақ паремологиясының дербес ғылым ретінде қалыптасуына ықпал еткен академик Ә. Қайдар мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы екі үлкен объективті ішкі және сыртқы факторға байланысты екенін атап көрсетеді [14]. Ғалымның теориялық тұжырымының түйінін Ж. Байтелиева былайша тұжырымдайды: «Мақал-мәтелдердің ішкі факторға байланысты пайда болып, қалыптасуын әрбір этностық қауымның халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи процесіне, рухани өмірі мен мәдени-әлеуметтік жағдаятына, тіршілік-тірлігі мен күн көріс тәсілдеріне, өзіндік дүниетанымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, жағырапиялық аумақта (уақытша не тұрақты) бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізген рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн. Мақал-мәтелдер жайдан-жай айтылмайды, белгілі мақсатты ойды жүзеге асыру үшін, тыңдаушының жан сезіміне ерекше әсер ету үшін қолданылады. Мақал-мәтелдердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады» дегенді айтады [15; 82].

Мысалы, фитонимдер негізінде жасалған мақал-мәтелдерде белгілі бір өсімдіктің символдық маңызы анық көрінеді. Кейбір өсімдіктерді адамдар тек табиғи нысан ретінде ғана емес, сондай-ақ моральдық-этикалық және философиялық мағынада қолданады.

Қазақ халқының тілдік дүниетанымында өсімдіктер әлемі маңызды орын алады. Соның ішінде жусан — тек шөптесін өсімдік ғана емес, терең символдық мәнге ие ұлттық киелі нышан. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерде жусан фитонимі ерекше семантикалық жүк аркалап, аксиологиялық мазмұнмен көрінеді.

Жусан — қыр мен далада кең таралған, бозғылт жасыл түсті, хош иісті, көпжылдық шөптесін өсімдік. Оның құрамында эфир майлары, флавоноидтар, органикалық қышқылдар, ащы заттар бар, бұл қасиеттері оны **дәрілік өсімдік** ретінде құнды етеді. Қазақстан аумағында жусанның 80-нен астам түрі өседі, ал әлем бойынша бұл өсімдіктің 400-ге жуық түрі белгілі. Жусан — қой, ешкі, түйе секілді малдардың сүйіп жейтін шөбі. Жусанды шөппен жайылған малдың еті дәмді, майлы болады. Хош иісті болғандықтан, малға сергектік береді. Көктем мен күзде мал жайылымының басты көзі. Ә. Қайдардың анықтамасы бойынша, жусан — далалы, шөлейт жерлерде өсетін көпжылдық өсімдік. Ғалымдардың пайымдауынша, сексен екі түрі бар. Құрамында эфир майы болғандықтан иіс суларды өндіруде, арақ-шарап жасауда қолданылады [16; 519].

Жусан көбінесе туған жер, Отан, сағыныш, ұлттық рух ұғымдарымен тығыз байланысты. Мысалы, «Жусанның иісі — елдің иісі» деген паремия жусанның иісін туған жермен, елмен теңестіріп, моральдық-рухани құндылықтарды тілдік формада бейнелейді. Бұл жерде жусан — эксплицитті символ, ал оның иісі — адамның естелік әлемімен сабақтасқан эмоционалды триггер. Демек, жусан арқылы берілген аксиологиялық мазмұн адам мен туған жер арасындағы ажырамас байланысты көрсетеді. Жусан өсімдігі — қазақтың қасиетті жері мен елінің метафорасы ретінде көрініс табады.

Жусанға қатысты паремияларда экзистенциалды деңгейдегі құндылықтар да көрініс табады. Халық ұғымында жусан иісімен даланың болмысы, еркіндік, кеңдік, ата-баба рухы байланысады. Бұл ұлттық концептіні тілде шегендеп тұрған «Жусан — даланың жұпары», «Жусанды жерде ел отырады» тәрізді сөздер — аксиологиялық мәні жоғары паремиялар.

Жусан мәдени-танымдық жүктемесімен қатар, қасиеттілік, тазалық, рух тазалығы тәрізді метафоралық мәнге ие. Жусан фитониміне байланысты «Жусан өскен жер — жайлау, қымыз ішкен ел қайда?» паремиясы бар. Бұл мақалда **жусан** — жайылым мен көшпелі өмір тіршілігінің белгісі. Яғни, жусанның өсуі — сол жердің **құнарлы, малға қолайлы екенін** білдіреді. Жусан арқылы **кең дала, еркіндік, қазақы тіршілік** бейнеленеді. «Жусанды жер — елді жер» паремиясында жусан өскен жерде **малға қолайлы жайылым** болады, бұл — халық өмір сүретін, қоныстанатын жердің белгісі.

Мақал-мәтелдерде жусан табиғи өсімдік ретінде емес, ұлттық символ, мәдени код және аксиологиялық мәні бар образ ретінде көрініс табады.

Жусанның символикалық мәні — ол өмір мен өлім арасындағы байланысты бейнелейді. Жусанның өмір сүруі мен жайқалып өсуі шөл далада, құрғақ жерлерде күрделі табиғи жағдайларға қарамастан мүмкін болады. Бұл оның мәңгілік пен тұрақтылыққа деген жақындығын білдіреді. Жусанның символикасында «өмірдің мәңгілігі» мен «табиғаттың қайта жаңаруы» сияқты ұғымдар да жатыр. Жусан фитонимі қатысқан «Бетегеден биік, жусаннан аласа», «Жусан саттым, шөп саттым, Шөп сатсам да ұқсаттым» сияқты паремиялар бар.

Кейбір жағдайларда жусан өлім мен өмір арасындағы өтпелі кезеңді, мәңгілік тыныштық пен табиғаттың үздіксіз даму процесін бейнелейді. Бұл символизм халықтың тіршіліктегі өткінші табиғатты, өлім мен өмірдің бірлігін түсінуі мен қабылдауын көрсетеді.

Қазақ даласында жусанның көптеген түрлері кездеседі. Атап айтсақ: Боз жусан — жаздың соңғы айларында көктейтін көпжылдық өсімдік. Дермене жусан — Қазақстанның оңтүстік өңірінде өсетін жабайы өсімдік. Емдік қасиеті мол. Қара жусан — аласа, қысы-жазы үнемі көгеріп тұратын көпжылдық өсімдік [17; 201]. Зерттеуші Г. Бегимова қасқа жусан, кер жусан, боз жусанды адамның физикалық ерекшелігімен байланысты фитонимдер деп топтастырады [18; 55].

Жусан фитониміне қатысты топонимикалық атаулар да баршылық. М. Құрбан өзінің зерттеу жұмысында: «Жусанды» — елсіз аймақ, «жусан» (жусан өсімдігі) және «-ды» жұрнағынан құралған, бұл — бір нәрсенің бар екенін білдіретін аффикс, яғни атау сөзбе-сөз «жусан мол өсетін жер» дегенді білдіреді», — дейді [19; 207].

Паремия құрамындағы **фитонимдер** — тек заттық мәнде ғана емес, терең **символдық** және **аксиологиялық** жүк арқалайды. Соның ішінде **қамыс** — ұлттық мәдениетте жиі кездесетін, ерекше мағынаға ие фитонимдердің бірі. Қамыс — сулы, батпақты жерде өсетін биік, сабағы қуыс, жапырақты шөптесін өсімдік. Қазақ халқы қамысты тек тұрмыста қолданылатын материал ретінде ғана емес, **табиғатпен үйлесімділіктің, иілгіштіктің, икемділіктің, кей жағдайда әлсіздіктің** де бейнесі ретінде қабылдаған.

«Қамыс ексең, көл болар, Қарағай ексең, шөл болар» паремиясында қамыс **тіршіліктің, ырыстың, құттың** символы ретінде көрінеді. Яғни қамыстың өсуі — **су бар, өмір бар** деген мағынамен астасып жатыр. Бұл жерде қамыс — **табиғаттың берекесін, жайылым мен судың молдығын** бейнелейді. Қамыс — құрылымдық тұрғыдан әлсіздеу көрінгенімен, оның **икеңділігі, желге бейімделгіштігі, өзгеріске төзімділігі** халықтың танымында **адами қасиеттермен** байланыстырылады. Сол себепті қамысқа байланысты паремияларда **жұмсақтық, бейімделгіштік, сабырлылық** тәрізді **адамгершілік құндылықтар** көрініс табады. «Қамысты су шайқайды, Намысты ер шайқайды» паремиясында қамыс табиғаттың әсеріне оңай бейімделетін өсімдік ретінде сипатталады. Ал ердің намысы — оның ішкі рухани қуаты мен моральдық тұрақтылығының белгісі. Бұл паремия салыстыру арқылы **адам мен табиғат арасындағы болмысқа** терең үңіледі.

«Қамыстың басы майда, Халықтың хәлі ойда» паремиясында қамыстың желге қарай майысқыш, тұрақсыз бейнесі **халықтың әлсіз, тұрақсыз, мұңды жағдайымен** ұштасып беріледі. Мұнда қамыс — сыртқы күштерге тез бейімделетін, өз бағытынан оңай ауытқитын объекті ретінде көрінеді. Бұл тәсіл — **метафора арқылы халықтың ішкі күйін жеткізу әдісі**. Қамыс фитонимі бар паремиялар — қазақ халқының **табиғатты тану ерекшелігін, өмірге көзқарасын, рухани құндылықтарын** танытатын тілдік құрал. Қамыс — бір жағынан **табиғаттың берекесі мен тіршіліктің белгісі**, екінші жағынан **иілгіштік пен төзімділіктің, кейде осалдықтың** символы. Бұл паремиялардың аксиологиялық негізінде қазақ халқының **сабырлылық, бейімделгіштік, табиғатпен үндестік** сияқты терең рухани құндылықтары жатыр. Қамыс фитонимі қатысқан «Ерді намыс өлтіреді, Қоянды қамыс өлтіреді, «Қоғалы көл, нар қамыс, Айдын көлдей от жанар», «Пейілі жаман кісіні, Түйе үстінен ит қабар», «Шөлдің қамысы болмайды, Жаманның намысы болмайды», «Қоян қамыстан, ұры ойдан қорқады», «Қамысты жаққанмен шоғы болмас, Көк суды ішкенмен тоғы болмас», «Қамысты бос ұстасаң қолыңды кеседі» сияқты мақал-мәтелдер кездеседі. Этнографиялық сөздікте қамыс туралы мынандай анықтама берген: «Қамыс — шаруашылықта пайдаланылатын балшықты жерде өсетін өсімдік. Қазақ қоғамында лашық, сарай салғанда, үй қабырғасын көтергенде балшыққа қамысты майдалап қосатын болған. Шөп шықпай, қуаңшылық болған жылдары жас, балауса қамыстарды жадымен турап малға азық ретінде берген. Этнографиялық таным бойынша, Сыр өңіріндегі қазақтар алғаш түскен келіннің бетін ашу үшін қамысты пайдаланады. Келіннің беті жабылған орамалдың

ұшына қамысты байлап, сол өңірдің жас баласы немесе бетін ашатын адам ұстайды, яғни келіннен туылған балалар қамыстай қауғалап өссін деген сенім бар [20; 570].

Паремиялар құрамында кездесетін **фитонимдер** арқылы белгілі бір заттық, символдық, әрі **аксиологиялық** ұғымдар беріледі. Солардың ішінде **шеңгел** фитонимі ерекше семантикалық және символдық жүктеме арқалайды. Шеңгел — тікенекті, бұталы, құрғақ жерде өсетін, мал мен адам жолын бөгейтін өсімдік. Ол көбінесе: қуаңшылық аймақтарда, малға жайылым ретінде жарамсыз жерлерде кездеседі. Шеңгел — тікенді, өткір, кедергі келтіретін қасиеттерімен танымал. Қазақ танымында ол қолайсыздықтың, кесірліктің, қиындықтың белгісі ретінде қабылданған. Бұл оның мақал-мәтелдерде де теріс аксиологиялық жүкпен қолданылуына себеп болған. «Шеңгел шыққан жерден мал қашады» паремиясында **шеңгел — қолайсыз, кедергі жасайтын жердің белгісі**. Мал атаулы шеңгелден бойын аулақ салады. Бұл бейнелеу **жердің құнарсыздығын**, өмір сүруге қолайсыз ортаны білдіреді. Сонымен қатар «Шеңгелдің түбі көлеңке болмас» паремиясы шеңгелдің саясы жоқ екендігін білдіреді. Бұл мақал **пайдасыз адам немесе сенімсіз тірек туралы** имплицитті мағына береді.

Жалбыз — қазақ халқына ежелден таныс, хош иісті, емдік қасиеті мол өсімдік. Ол табиғаттағы тазалық пен сергектікті, жан дүниенің тыныштығын білдіреді. Мысалы, «Жалбыз өскен жерге жылан жоламас» деген мақал — жалбыздың хош иісі мен емдік қасиетіне негізделген халықтық тәжірибені білдіреді. Мұндағы мағына тек тікелей емес, ауыспалы түрде де беріледі: бұл мақал арқылы адам бойындағы тазалық пен ізгіліктің зұлымдықтан қорғайтынын, адам қай жерде жақсылық жасаса, сол жерге пәле жоламайтынын меңзеп тұр.

Сол сияқты «Жалбыз бен жусан қатар өскенмен, дәмі бөлек» — бұл мақалда жалбыз мен жусан екі түрлі қасиетке ие өсімдіктер ретінде салыстырылады. Мұнда жалбыз мен жусан — табиғаттағы екі түрлі шөп. Бірі — ащы, бірі — хош иісті. Бұл айырмашылық — адамдар арасындағы мінез-құлық, өмірлік ұстаным айырмашылықтарына сілтеме. Яғни, сырттай ұқсас, бір ортада өсіп-жетілген адамдардың өмірге деген көзқарасы, болмысы әртүрлі болуы мүмкін.

Жалбыздың халық тіліндегі орны тек емдік не табиғи қасиетімен ғана емес, сонымен бірге эстетикалық әсерімен де ерекшеленеді. Ол — нәзіктік, тазалық, хош иіс сынды бейнелі ұғымдарды білдірудің құралы. «Жалбыз иісті жан» деген тіркестер де осындай ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылады, бұл — адам мінезінің көркемдігіне берілген баға.

Қазақ мақал-мәтелдерінде жалбыз фитонимі тек өсімдік атауы ретінде емес, халық даналығының символына айналған бейне. Ол арқылы халық рухани тазалықты, адамгершілікті, байыптылықты меңзеп, терең мағынадағы ой-толғауларын жеткізеді. Жаратылыспен үндес тіршілік кешкен қазақ халқы үшін жалбыз сынды өсімдіктер — өмірдің, табиғаттың тынысын сездіретін, тіршіліктің тылсым сырын ұғындыратын рухани дінгек.

Жалбыз — қазақ халқы үшін жай ғана шөп емес, оның иісімен, емдік қасиетімен, тазалық пен үйлесімділік символы ретінде халық жадында сақталған өсімдік. Халық медицинасында жалбыз іш ауруынан бастап, бас сақинасына дейін түрлі ауруларға қарсы қолданылған. Сондай-ақ оның иісін жын-шайтан жоламайтын шөп деп те сенген. Жалбыздың емдік қасиетінің орасан екенін этнограф Ж. Бабалықовтың жинаған деректері де дәлелдейді: адам ыстықтан да кейде тұмауратып жатады. Сол уақытта жалбызды суға қайнатып ішеді. Адамның басының ыстығымен қатар, ішкі ағзалардың да ыстығы көтеріліп, көз қызарып ісінгенде, ұшынып қалып, ерінге ұшық шыққанда жалбызды суға қайнатып, күніне екі мезгіл ішсе болады; жас бала тұмауратып қалса, жалбыз алып, суға бір қайнатып, бір метрдей көк түсті шүберекті жалбызға малып, осыған баланы орап, тағы да қалың етіп жауып терлетеді; кейде адамның мұрнынан қан тоқтамай жатады. Сондай сәттерде жас жалбызды суға қайнатып, сол суға мақтаны салып, мұрынға суын тамызу керек. Құлақ ауырғанда да жалбыздың суын сығып, соны құлаққа тамызады [21].

Мысалы, «Жалбыз өскен жерге жылан жоламас» деген мақал осы сенімге негізделген. Бұл жерде жалбыз жай ғана өсімдік емес, оның бейнелі мағынасы бар: жалбыз өскен жер — таза, жағымды, жайлы орта. Мұндай ортада жамандық, арамдық (жылан символикасы арқылы берілген) тұрақтамайды. Бұл мақалдың тәрбиелік мәні зор: адам баласы да өз ортасын, мінез-құлқын тазалық пен мейірімге негіздесе, түрлі кесапаттардан, пәлекеттен аулақ болады деген ойды меңзейді.

Сондай-ақ жалбыз тек жеке тұрғыда ғана емес, басқа өсімдіктермен салыстыру арқылы да халық даналығын ашуға көмектеседі. «Жалбызбен у қосылса, иісінен білінер» деген тіркес, мысалы, шындық ешқашан жасырынып қала алмайтынын білдіреді. Яғни, сырттай жалбыз секілді хош иісті болғанмен, ішіне у қосылса, бәрібір оның кесірі білініп қояды. Бұл мақал адалдық пен екіжүзділікті

салыстырып, адамдарды әділдікке шақырады. Жалбыз фитонимі бар мақал-мәтелдер қазақ халқының тілдік-мәдени түсінігінің бір бөлігі болып табылады. Олар арқылы халық жалбызды табиғаттың сыйы ретінде ғана емес, тазалықтың, үйлесімнің, адами қасиеттердің көрінісі ретінде сипаттайды.

Ерекше мәнге ие фитонимдердің бірі — арша. Арша — қазақ халқы үшін киелі өсімдік. Оның хош иісті түтіні мен бойындағы тікенекті қасиеттері арқылы жын-шайтанды, жаман рухтарды қуалайды деген ежелгі нанымдар бар. Арша тек медициналық шөп ғана емес, рухани тазарудың, тазалықтың, қасиеттіліктің символы ретінде халық танымында орныққан. Бұл көзқарас мақал-мәтелдерде де терең көрініс табады. «Аршаны атыңмен үрлеп аласың ба?» деген мақал адамның табиғат заңына, қасиетті нәрсеге үстірт, жеңіл қарамауы керектігін білдіреді. Аршаны үрлеп иіскегенмен, оның шынайы қасиеті, киесі, әсері мұнымен ашылмайды. Яғни, бар нәрсенің мәніне үңілу, тереңіне бойлау қажет деген ой жатыр. Бұл мақал ақиқат пен сырдың, қасиеттілік пен тереңдікке ұмтылудың мәнін сипаттайды. «Арша түтіні — аруақтың иісі» мақалында аршаның жын-періден тазартып, рухани әлеммен байланыстыратын өсімдік екендігі анық байқалады. Қазақ халқында жаңа туған нәрестені, науқас адамды, жаңа көшіп келген үйді арша түтетіп аластайтын салт-дәстүр бар. Мұндай рәсімдерде арша рухани тазару құралы, ал оның түтіні — рухпен байланыстың символы ретінде бейнеленеді. Арша фитонимі бар мақал-мәтелдер — қазақ халқының табиғатқа деген философиялық көзқарасын, рухани әлемге деген құрметін, тазалық пен сакральды ұғымдарға мән беруін көрсететін рухани мұра. Бұл мақал-мәтелдер арқылы арша қарапайым өсімдік болудан асып, ұлттық санада қасиеттілікке ие образға айналған. Арша бенесі қазақ руханиятының ажырамас бөлігі ретінде фольклорда, тұрмыста, тілде мәңгілікке сақталып келеді. Арша қасиетті, «аруақты шөп» деп есептелген. Аршаға қатысты наным-сенімдер де жетерлік. Кей өңірлерде оны отқа тастағанда ерекше түтін шығатындықтан, жын-шайтан ол түтіннен қашады деген сенім болған. Қызыл арша мен көк арша да айқын ажыратылып отырған. Қызыл аршаның «күші қатты» деп есептелген. Кейбір аймақтарда аршаны отқа тастап, «аруағым, қорға!» деп тілейді — бұл тәңірлік сенім мен ислам дінінің синкреттік көрінісі. Қазақ халқы арша ағашынан **белдік, ыдыс, саптыаяқ, тұмар** жасаған. Олардың бойында **киелілік бар** деп сенген.

Қорытынды

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі фитонимдердің символдық және мәдени-танымдық мәні — ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтардың көрінісі. Бұл паремиялар тек тілдік құрал ғана емес, сонымен қатар халықтың табиғатпен қарым-қатынасы, өмір сүру салты мен рухани болмысы туралы терең ақпарат беретін мәдени код болып табылады.

Фитонимдер — жусан, қамыс, шеңгел, жалбыз, арша сынды өсімдіктер — қазақ халқының тіршілігінде ерекше орын алып, мақал-мәтелдер арқылы кең мазмұнға ие символдық образдарға айналған. Мысалы, жусан — туған жер мен ұлттық рухтың киелі нышаны болса, қамыс — икемділік пен бейімделгіштіктің, шеңгел — кесір мен кедергінің, жалбыз — тазалық пен көркем мінездің, ал арша — қасиеттілік пен рухани тазарудың символы ретінде көрінеді.

Бұл мақал-мәтелдер табиғат пен адам арасындағы үйлесімді, философиялық байланысты паш етеді. Өсімдік атаулары — паремиялық жүйеде қарапайым нысан емес, халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігінің, моральдық ұстанымының, эстетикалық талғамының көрінісі. Сол себепті оларды этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу — қазақ мәдениетінің, ұлттық болмысының сырын тануға бастар маңызды қадам.

Қорыта айтқанда, фитонимдік паремиялар — қазақ халқының табиғатты танып-білудегі даналығының, өмірлік тәжірибесінің, рухани-аксиологиялық ұстанымдарының тілдік бейнесі. Бұл мақал-мәтелдер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан рухани сабақтастық сақталып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы айқындалады. Сондықтан фитонимдер негізіндегі паремияларды зерттеу — тек тіл ғылымының ғана емес, бүкіл рухани-мәдени мұрамыздың тұтас көрінісін танудың кілті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Поляков П. П. О казахских ботанических терминах / П. П. Поляков // Вестник АН КазССР. — Алма-Ата: Наука, 1950. — № 6. — С. 98-99.
- 2 Күркебаев Ш. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер: филол. ғыл. канд. ... дисс. 10.02.02 — Қазақ тілі / Ш. Күркебаев. — Алматы, 1994. — 146 б.

- 3 Бимағамбетов М. Қазақ тіліндегі шөп атауларының кейбір мәселелері / М. Бимағамбетов // Ученые записки. Кзыл-Ординский педагогический институт им. Н.В. Гоголя. Серия гуманитарных наук. — Кзыл-Орда, 1958. — Т. 4. — С. 155–171.
- 4 Күштаева М. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... дисс. 10.02.02 — қазақ тілі / М. Күштаева. — Алматы, 2002. — 192 б.
- 5 Айғабылов А. Профессиональные слова плодовоовощеводства в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук / А. Айғабылов. — Алма-Ата, 1976. — 29 с.
- 6 Омарбекова Г. Неміс және қазақ тілдерінде фитонимдерді құрылымдық, ономазиологиялық зерттеу: филол. ғыл. канд. ... дисс. 10.02.02 — қазақ тілі / Г. Омарбекова. — Алматы, 2004. — 200 б.
- 7 Қалиев С. Емдік рецептер энциклопедиясы / С. Қалиев. — Алматы, 2010. — 496 б.
- 8 Уюкбаева Г. И. Народные наименования растений: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Г. И. Уюкбаева. — Алматы, 1982. — 18 с.
- 9 Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары / Б. Қалиев. — Алматы: Ғылым, 1988. — 159 б.
- 10 Сейітова Ш. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. 10.02.02 — қазақ тілі / Ш. Сейітова. — Алматы, 1999. — 168 б.
- 11 Шормакова А. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі: филос. д-ры ... дисс. / А. Шормакова. — Алматы, 2020. — 178 б.
- 12 Төлегенова Д. Концептологические основы фитонимов / Д. Төлегенова // Вестник Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева. Филологическая серия. — 2020. — № 1. — С. 55–62.
- 13 Төлегенова Д. М. Фитонимическая семантика / Д. М. Төлегенова // Вестник Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева. Филологическая серия. — 2020. — № 1. — С. 48–55.
- 14 Қайдар Ә. Т. Халық даналығы / Ә. Т. Қайдар. — Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. — 560 б.
- 15 Байтелиева Ж. Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: филол. ғыл. канд. ... дисс. 10.02.02 — қазақ тілі / Ж. Д. Байтелиева. — Алматы, 2007. — 147 б.
- 16 Қайдар Ә. Т. Қазақтар ана тілі әлемінде / Ә. Т. Қайдар. — Алматы: Сардар, 2013. — 608 б.
- 17 Сарекенова Қ. Кейбір өсімдік атауларының этнографиялық сипаты / Қ. Сарекенова, А. Бейсенбай, Ф. Мұхтарова // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің хабаршысы. — 2023. — № 4. — Б. 196–208.
- 18 Бегимова Г. Қазақ және түрік тілдеріндегі өсімдік атауларының уәждемесі / Г. Бегимова, Б. Құлжанова, А. Назарова // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — № 1 (185). — Б. 52–60.
- 19 Kurban A.M. Etymological Aspects of Phytotoponyms in English and Kazakh Languages / A. M. Kurban, Z. M. Duisembekova // Iasau universitetinin habarshysy. — 2023. — № 2 (128). — B. 201–212. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.16>
- 20 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия. — Алматы: «Алем Даму Интеграциясы» ЖШС, 2012. — Т. 2. — 736 б.
- 21 Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме / Қ. Бегманова. — Алматы: Дәстүр, 2010. — 500 б.

Ж. Нурсултанқызы, Г.Ж. Снасапова, А.Ө. Байдаулетова

Этнокультурная семантика фитонимических паремий

В данной статье рассматривается этнолингвистическая природа и культурно-познавательные особенности фитонимов — названий растений, встречающихся в составе паремий казахского языка. Фитонимы представляют собой не просто наименования растений, но и важный лексический пласт, отражающий мировоззрение народа, его традиции, духовные ценности и культурную идентичность. Цель исследования — выявить семантику, культурно-познавательную нагрузку и символическое значение фитонимов, используемых в составе пословиц и устойчивых выражений. В статье анализируются структурные, семантические и прагматические особенности паремий, образованных с участием фитонимов, определяется их место в мировоззренческой и духовно-культурной картине казахского народа. Подробно рассматриваются символические значения таких фитонимов, как жусан (полынь), камыс (камыш), шеңгел (череда/репейник), жалбыз (мята), арша (можжевельник). Полынь интерпретируется как священный символ родной земли и духа народа, камыш — как образ гибкости и адаптивности, шеңгел — как символ вредоносности, мята — как знак чистоты и благородства, а можжевельник — как символ святости и духовного очищения. В ходе исследования выявлены особенности функционирования фитонимов в составе паремий, их тесная связь с социальным, экологическим и философским контекстами. В статье всесторонне анализируются мотивационные основы, культурно-символическая нагрузка и прагматические функции паремий, подчеркивается их значение в отражении взаимосвязи языка и культуры. Результаты исследования показывают, что фитонимические паре-

мии являются значимым культурно-языковым наследием, отражающим познавательный опыт, традиции и мировоззренческие ориентиры казахского народа.

Ключевые слова: фитоним, пословица, паремия, лингвокультурология, этнолингвистика, аксиология, национальное мировоззрение, символ, духовные ценности.

Zh. Nursultankyzy, G.Zh. Snasapova, A.O. Bidauletova

Ethnocultural semantics of phytonymic paroemias

This article explores the ethnolinguistic nature and cultural-cognitive features of phytonyms — plant names that appear in the structure of Kazakh paroemias. Phytonyms are not merely designations of plants but constitute an important lexical layer that reflects the worldview, traditions, spiritual values, and cultural identity of the people. The main objective of the study is to identify the semantics, cultural and cognitive connotations, and symbolic meanings of plant names used in proverbs and idiomatic expressions. The article analyzes the structural, semantic, and pragmatic aspects of phytonymic paroemias, defining their role in the worldview and spiritual-cultural landscape of the Kazakh people. Special attention is given to the symbolic meanings of specific phytonyms such as zhusan (wormwood), kamys (reed), shengel (thistle), zhalbyz (mint), and arsha (juniper). Wormwood is interpreted as a sacred symbol of the homeland and national spirit; reed, as a metaphor for flexibility and adaptability; thistle, as a sign of harm or negativity; mint, as a symbol of purity and noble character; and juniper, as an emblem of sanctity and spiritual cleansing. The study reveals distinctive features of the use of phytonyms in Kazakh paroemias and highlights their strong connection to social, ecological, and philosophical contexts. The article thoroughly examines the motivational basis, cultural-symbolic connotation, and pragmatic function of these paroemias, emphasizing their role at the intersection of language and culture. The findings confirm that phytonymic paroemias represent a valuable cultural and linguistic heritage, embodying the cognitive experience, traditions, and core values of the Kazakh people.

Keywords: phytonym, proverb, paroemia, linguoculturology, ethnolinguistics, axiology, national worldview, symbol, spiritual values.

References

- 1 Polyakov, P. P. (1950). O kazakhskikh botanicheskikh terminakh [About Kazakh botanical terms]. *Vestnik Akademii nauk Kazakhskoi SSR — Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*, 6, 98-99 [in Russian].
- 2 Kurkebaev, Sh. (1994). Osimdik musheleri men olardyn qurylum-qurylysyna qatysysty terminder [Terms related to plant organs and their structure and structure]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 3 Bimagambetov, M. (1958). Qazaq tilindegi shop ataularynyn keibir meseleleri [Some problems of grass names in the Kazakh language]. *Uchenye zapiski Kzyl-Ordinskogo pedagogicheskogo instituta imeni N.V. Gogolia. Seriya gumanitarnykh nauk — Scientific Notes. Kyzyl-Orda Pedagogical Institute named after N.V. Gogol. Humanities Series*, 4, 155–171 [in Kazakh].
- 4 Kushtaeva, M. (2002). «Tary» kontseptisinin semantikalыq qurylymy men lingvomadeni mazmuny [Semantic structure and linguocultural content of the concept “millet”]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 5 Aigabylov, A. (1976). Professionalnye slova plodoovoshchevodstva v kazakhskom yazyke [Professional words of fruit and vegetable growing in the Kazakh language]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 6 Omarbekova, G. (2004). Nemis zhane kazakh tilderinde fitonimderdi qurylymdyq, onomasiologialыq zertteu [Structural, onomasiological study of phytonyms in German and Kazakh languages]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Kaliyev, S. (2010). *Emdik retseptter entsiklopediasy* [Encyclopedia of healing recipes]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Uykbayeva, G. I. (1982). Narodnye naimenovaniia rastenii [Folk names of plants]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 9 Kaliyev, B. (1988). *Qazaq tilindegi osimdik ataularы* [Plant names in Kazakh]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 10 Seitova, Sh. (1999). Osimdikke bailanysty turaqty tireksterdin etnolingvistikalыq sipattamasy [Ethnolinguistic characteristics of plant-related stable phrases]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 11 Shormakova, A. (2020). Qazaq tilindegi osimdik aleminin lingvomadeni beinesi [Linguocultural picture of the plant world in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 12 Tolegenova, D. (2020). Kontseptologicheskie osnovy fitonimov [Conceptual foundations of phytonyms]. *Vestnik Kyrgyzskogo gosudarstvennogo universiteta imeni I. Arabaeva. Filologicheskaya seriya — Bulletin of the Kyrgyz State University named after I. Arabaev. Philological Series*, 1, 55–62 [in Russian].
- 13 Tolegenova, D. M. (2020). Fitonimicheskaya semantika [Phytonymic semantics]. *Vestnik Kyrgyzskogo gosudarstvennogo universiteta imeni I. Arabaeva. Filologicheskaya seriya — Bulletin of the Kyrgyz State University named after I. Arabaev. Philological Series*, 1, 48–55 [in Russian].
- 14 Kaidar, A. T. (2004). *Khalyq danalygy* [Folk wisdom]. Almaty: «Toganaı T» baspasy [in Kazakh].

- 15 Baitelieva, Zh. D. (2007). Qazaq tilindegi zhylqy malyna qatysty frazeologiyalyq tirekterdin etnomadeni uazhdemesi [Ethnocultural motivation of phraseological phrases related to horse cattle in the Kazakh language]. *Candidate's thesis* [in Kazakh].
- 16 Kaidar, A. T. (2013). *Qazaqtar ana tili aleminde* [Kazakhs in the world of their native language]. Almaty: Sardar [in Kazakh].
- 17 Sarekenova, K., Beisenbai, A., & Mukhtarova, F. (2023). Keibir osimdik ataularynyn etnografiyalyq sipaty [Ethnographic character of some plant names]. *Abilai Khan atyndagy Qazaq Qalyqaralyq Qatynastar zhane Alem Tilderi Universitetinin khabarshysy* — *Bulletin of Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages*, 4, 196–208 [in Kazakh].
- 18 Begimova, G., Kulzhanova, B., & Nazarova, A. (2022). Qazaq zhane turik tilderindegi osimdik ataularynyn uazhdemesi [Motivation of plant names in Kazakh and Turkish]. *Qazaq Ulttyq Universitetinin Khabarshysy. Filologiya seriyasy* — *Bulletin of Kazakh National University. Philology Series*, 1 (185), 52–60 [in Kazakh].
- 19 Kurban, A. M., & Duisembekova, Z. M. (2023). Etymological aspects of phytotoponyms in English and Kazakh languages. *Iasui universitetinin habarshysy* — *Bulletin of Yasawi University*, 2(128), 201–212. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.16>
- 20 (2012). *Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriialar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi* [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. (Vol. 2). Almaty: «Alem Damu Integratsiyasy» ZHSHS [in Kazakh].
- 21 Begmanov, K. (2010). *Etnografpen angime* [Conversation with an ethnographer]. Almaty: Dastur [in Kazakh].

Information about the authors

Nursultankyzy, Zhazira (corresponding author) — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kyzylorda University Bolashak, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: zhaznur@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1862-1062>

Snasapova, Gulzhahan Zhumashovna — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kyzylorda University Bolashak, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: gul.snasapova@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-9477-8771>

Baidauletova, Ayakoz Oteukyzy — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kyzylorda University Bolashak, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: Ayiagoz_i@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8442-362X>